



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Р. Б. СҮЛЕЙМЕНОВ АТЫНДАҒЫ  
ШЫҒЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ



ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ  
МЕН ЦИН ПАТШАЛЫҒЫНЫҢ  
САЯСИ-ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ  
ҚАТЫНАСТАРЫ ТУРАЛЫ  
ҚЫТАЙ МҰРАҒАТ  
ҚҰЖАТТАРЫ

I  
ТОМ

ҚҰРАСТЫРҒАН, ҚЫТАЙ  
ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІН АУДАРҒАН,  
КІРІСПЕСІН, ЕСКЕРТУЛЕРІ МЕН  
ТҮСІНДІРМЕЛЕРІН ЖАЗҒАН  
Б. ЕЖЕНХАНҰЛЫ

Алматы 2009



“Дайк-Пресс”



**УДК 94(574)**  
**ББК 63.3 (5 Қаз) 51**  
**Қ 17**

*ҚР БҒМ Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының  
Ғылыми кеңесі мақұлдаған*

**РЕДАКЦИЈАЛЫҚ АЛҚА:**

**Әбусейітова М. Қ.** (төрайым),  
**Еженханұлы Б.** (төрайымның орынбасары),  
**Ошан Ж., Сұңғатай С.**

**Ғылыми редакторы М. Қ. Әбусейітова**

**Қ  $\frac{0503020905}{00(05)-09}$**

**УДК 94 (574)**  
**ББК 63.3 (5 Қаз) 51**

**ISBN 978–601–7170–79–0 (Т. I)**  
**978–601–7170–78–3**

© Еженханұлы Б., 2009  
© “Дайк-Пресс” баспасы, 2009

**“МӘДЕНИ МҰРА”  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН  
ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ  
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ**

---

**Әшімбаев М. С.,** *кеңес төрағасы*

**Асқаров Ә. А.,** *жауапты хатшы*

**Абдрахманов С.**

**Аяған Б. Ғ.**

**Әбусейітова М. Қ.**

**Әжіғали С. Е.**

**Әлімбаев Н.**

**Әуезов М. М.**

**Байпақов К. М.**

**Биекенов К. Ү.**

**Бұрханов К. Н.**

**Есім Ғ.**

**Қасқабасов С. А.**

**Қошанов А.**

**Құл-Мұхаммед М. А.**

**Мыңбай Д. Қ.**

**Нысанбаев Ә. Н.**

**Салғара Қ.**

**Самашев З.**

**Сариева Р. Х.**

**Сейдімбек А. С.**

**Сұлтанов Қ. С.**

**Тұяқбаев Қ. Қ.**

**Түймебаев Ж. Қ.**

**Хұсайынов К. Ш.**

**Шаймерденов Е.**

# КІРІСПЕ

## Осы еңбекке енген құжаттар туралы

«Қазақ хандығы мен Цин патшалығының саяси-дипломатиялық қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары» (I том) кітабы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шығарылған «Қазақстан–Қытай қарым-қатынастарына байланысты Цин дәуіріндегі мұрағат құжаттарының жинағы» (1) (мұрағат құжаттарының факсимиле жинағы) атты кітаптың негізінде жазылған. Аталмыш жинақ 2005 жылы қыркүйек айының 22-сі күні Бейжің қаласында ҚР БЖҒМ Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты мен Қытайдың Бірінші тарихи мұрағаты арасындағы қол қойылған «Қазақстан–Қытай қарым-қатынастарына байланысты Цин патшалық дәуіріндегі мұрағат құжаттарының жинағы» атты халықаралық бірлескен жобаның Келісімшартына сай, 2006 жылы қараша айында аталмыш бірлескен жобаның алғашқы нәтижесі ретінде Қытай Халық Республикасының «Мұрағат» баспасынан шықты.

Әлемдегі ең үлкен тарихи мұрағаттардың бірі болып саналатын Қытайдың Бірінші тарихи мұрағаты және ондағы сақталған Қазақстан мен Орта Азия тарихына қатысты құжаттар туралы осыдан бұрынғы бір еңбегімізде айтылған болатын<sup>1</sup>. Төменде жаңадан ұсынылып отырған осы томға енген құжаттар мен олардың тарихи мәні туралы сөз қозғамақпыз.

Біздің бұл томымызға Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатының «Цзюнь цзи чу шан юй дан» («Әскери басқармада сақталған патшаның жарлықтары»), «Гун чжун чжу пи зоу чжэ» («Сарайда сақталған патшаның бұрыштамасы бар ұлықтардың мәлімдемелері»), «Цзюнь цзи чу лу фу зоу чжэ» («Әскери басқармада сақталған ұлықтардың мәлімдемелерінің көшірмесі») және «Нэй гэ ци цзюй чжу» («Патшаның күнделікті тұрмыс-тіршілігіне жауапты мекеме жазып қалдырған патша туралы естелік») қатарлы қорларда (цюаньцзундарда) сақтаулы, мәнжу тілінде жазылған 55, қытай тілінде жазылған 23 құжаттың қазақша аудармасы мен оларға берілген ғылыми түсіндірмелер қамтылды.

---

<sup>1</sup> Қараңыз: Еженханұлы 2009–1, 8–14-бб.

Сонымен қатар аталмыш құжаттардың көшірмелері (факсимилелері) де берілген. Құжаттар 1754–1760 жылдар аралығында хатталған. Осы құжаттар арқылы көрсетілген жылдардағы Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасындағы саяси-дипломатиялық қатынастың әр қырынан мағлұмат алуға болады. Жалпылай айтатын болсақ, бұл мұрағат құжаттарда мынадай мазмұн қамтылған:

— бұл құжаттар Қазақ хандығы мен Цин патшалығының саяси қатынасының қалыптасу кезеңіндегі, яғни 1754–1757 жылдар аралығындағы оқиғалар және екі елдің сол кезеңде ұстанған саясаттары туралы хабар береді;

— Цин патшалығына жіберілген қазақ дипломатиялық миссиялары туралы мәлімдемелер. Цин патшалығының қазақ елшілерін қабылдап, оларға және оларды жіберген қазақ көсемдеріне сый-сияпат жасағандығы туралы есеп құжаттар;

— Цин патшалығының қазақтар арасына елшілік жүргізгендігі туралы мәлімдемелер;

— жоңғарларға қарсы екі ал арасындағы селбестік қимылдар, сондай-ақ шекара аймақтарындағы екі ел арасындағы дау-дамайлар туралы мәлімдемелер мен хатнамалар;

— Қазақ хандығы мен қазақ қоғамының ішкі жағдайы туралы мәлімдемелер т. б.

Тарихи деректерге үңілсек, Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасында сонау XVIII ғасырдың алғашқы жартысында-ақ белгілі бір деңгейде байланыстар болған — бұның дәлелі ретінде мыналарды айтуға болады: 1. 1710-жылдары Еділ бойындағы қалмақтарға барып қайтқан Тулишэн есімді мәнжу елшісі Қазақ даласының бір шетін басып өтіп, өз жолжазбасында Қазақ даласының географиясы мен қазақтар туралы аса құнды мәліметтер қалдырған; 2. 1731 жылы тағы бір мәнжу елшісі Еділ бойындағы қалмақ ордасында қазақ елшісімен кездесіп қалып, өзара сұхбаттасып, Сәмеке хан қатарлы қазақ көсемдеріне сәлем жолдайды; 3. XVIII ғасырдың алғашқы жартысында пайда болған қытайдың біраз географиялық еңбектерінде Қазақ еліне тән біраз жер-су атаулары айқын көрініс таба бастайды; 4. Тағы да сол XVIII ғасырдың алғашқы жартысында, Цин патшалық мұрағат құжаттарында «жоңғарлардан бізге қазақ қашып келді» деген мағлұматтар болып жатты<sup>2</sup>. Дегенмен, Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасындағы ресми қарым-қатынас Жоңғар хандығы ыдыраған кезде бірте-бірте орнаған. Мұндай қарым-қатынастың басталуы Абылайдың одақтасы болған әрі Жоңғар хандығының біртұтас билігіне ұмтылған соңғы тұлға болып тарихта қалған Әмірсананың Цин патшалығының қудалауына байланысты Қазақ жерін паналауына тікелей қатысты еді. Осымен байланысты тарихи оқиғалардың өрбуі Абылайдың Цин патшалығы жөнінде ұстанған саясатын

<sup>2</sup> Қазақ-цин қатынастарының алғашқы орнығу барысы туралы арнайы зерттеулеріміз жуық арада жарық көрмек.

айқын көрсеткен. Әуелде Абылай Жоңғарияның қазақ қоныстарын қытай экспансиясынан қорғап, аралық орын рөлін атқаратынын тамаша ұғынып, Цин патшалығының «Әмірсананы бізге тапсыр» деген талабын орындаудың орнына Цин патшалық әскерімен соғысуға дейін барды. Алайда, Абылай Әмірсананың және Жоңғар хандығының дәурені келмеске кеткенін, өз іргесіне ақыры тақап келіп жеткен жойқын күшпен санасып, Қазақ елінің мүддесін дипломатиялық жолдармен қорғау қажет екендігін, Цин патшалығымен бітімге отыру керек екендігін түсінді. Цин патшалығы да қазақтармен қырғиқабақ болып, әскери шайқасудан гөрі олармен тату-тәтті қарым-қатынас орнатып, сол арқылы тым болмағанда Жоңғар хандығының ықпалын түбегейлі жойып, ұзақтан бері қалмақтар тарапынан көріп келген қорлығынан біржолата құтылуға қол жеткізе алатындығын түсінген. Еңбегімізге енген алғашқы бірнеше құжат қазақ-цин қарым-қатынасының осы бір «алғашқы кезеңіне» жатады. Айта кету керек: асылы, Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатында аталмыш тарихи үдеріске қатысты құжаттар, әсіресе Әмірсананың Қазақ даласына босып барғаннан кейінгі Цин патшалығының саясаты мен іс-қимылына, сондай-ақ екі елдің сол кездегі өзара барыс-келісіне байланысты құжаттардың саны біршама ауқымды болатын. Алайда, «Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарына байланысты Цин дәуіріндегі мұрағат құжаттарының жинағы» (1) (мұрағат құжаттарының факсимиле жинағы) атты мұрағат құжаттар жинағы құрастырылған кезде Қытайдың Бірінші тарихи мұрағаты тарапынан «Әмірсанаға байланысты мұрағат құжаттарды келешекте арнайы топтастырып шығарсақ» деген ұсыныс жасалғандықтан, аталмыш құжаттар біздің аудармамызға арқау болып отырған мұрағаттар жинағына енгізілмей қалған.

Жоғарыда біз «қазақ-цин қарым-қатынасының алғашқы кезеңі» деп 1757 жылға дейінгі екі елдің қарым-қатынасын меңзеп отырмыз. 1757 жылы қазан айында Абылай мен Әбілпейіздің елшілері Цин патшалық ордасына жетеді. Осыдан бастап Қазақ хандығы Цин патшалығымен ресми түрде саяси-дипломатиялық байланыс орнатады. Еңбегімізге енген мұрағат құжаттарының екінші бір үлкен топтамасы — 1757–1760 жылдар аралығындағы Қытайға барған қазақ дипломатиялық миссиялары хақында. Аталмыш жылдар аралығында Бейжің мен Чэндэ жерлеріне жіберілген мынадай маңызды қазақ дипломатиялық миссиялары болған: 1. 1757 жылы Абылай мен Әбілпейіз жіберген, Кенжеқара бас елші болған миссия; 2. 1758 жылы Ұлы жүз көсемдері Әбіліз хан мен Төле би жіберген, Жолан бас елші болған миссия; 3. 1760 жылы Әбілмәмбет хан, Абылай және Әбілпейіз жіберген, Аталай мен Құттыбай бас елші болған миссия. Аталмыш қазақ дипломатиялық миссияларына Цин патшалық ордасы мен жергілікті билік орындары үлкен мән беріп, олардың қай уақытта патшаларының қабылдауында болғандығын, қандай сый-сияпатқа ие болғандықтарын, тіпті қандай маршруттармен жол жүріп өткендіктерін, жолда күніне қанша жол жүріп, қанша азық-түлік пайдаланғандықтарын қағаз бетіне түсіріп отырған.

Осы мерзім аралығында Қазақ даласына Цин патшалығы тарапынан да дипломатиялық миссиялар жүргізіліп тұрған. Олардың ішінде маңызды деп

мыналарды атауға болады: 1. 1757 жылы қазан айында Абылай ордасына барған мәнжу Еркесара мен Нұсанның елшілік миссиясы<sup>3</sup>; 2. 1758 жылы қыркүйекте Қасақшира есімді жоңғар-қалмақ көсемін қудалап, Ұлы жүз Қазақ жеріне енген цин армиясының қолбасшысы Фуденің елшісі болып Ташкент және оның төңірегінде билік жүргізіп тұрған Төле би қатарлы қазақ көсемдеріне барған мәнжу Моңғолдай қатарлылардың миссиясы; 3. 1759 жылы қаңтар айында Абылайға елші болып барып, Әбілмәмбет, Абылай, Ханбаба және Қазыбек би қатарлы Орта жүз қазақ билеушілерімен кезігіп шыққан мәнжу Наваңның миссиясы.

Сонда қазақ-цин қарым-қатынасы тарихында ерекше орын алатын осы дипломатиялық миссиялар нені көздеген? Олардың қандай ықпалы болған?

Жалпы, Қытайдың тарихнамасында осы дипломатиялық миссиялармен, әсіресе 1757 жылғы Абылай ханның жіберген миссиясымен қатысты ықпалын күні бүгінге дейін жеткізген тұжырымдама жасалған. Бұл тұжырымдама әуелі Абылай ханның өз елшілерімен бірге Цин ордасына жолдаған тұңғыш хатына байланысты болып отыр. Сонау XVIII ғасырдың екінші жартысынан бергі қытай тарихнамасында аталмыш хаттың қытай тіліндегі нұсқасы цин-қазақ қарым-қатынастары тарихындағы ең маңызды құжат, ол «Орта жүз бен Ұлы жүз қазақтарының Қытайға қосылғандығының дәйегі» ретінде қарастырылып келген. Алайда, біздің жақын жылдардағы зерттеулеріміздің нәтижесі қытай тіліндегі аталмыш құжаттың өзі күмәнді екендігін көрсетеді. Зерттеуіміз барысында біз Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатында Абылай ханның 1757 жылы цин патшасы Цяньлунға жолдаған аталмыш тұңғыш хатының тағы 2 нұсқасы (бірі — хаттың тот-моңғол тіліндегі түпнұсқасының өңделген көшірмесі болса, екіншісі — оның мәнжу тіліндегі аудармасы) бар екендігін анықтадық. Аталмыш хаттың қытай тіліндегі көне нұсқасы мен жаңадан табылған осы нұсқаларын салыстыра зерттей келе біз мынаны байқаймыз: Абылай ханның осы бір дипломатиялық хатнамасын Цин патшалық орда қаламгерлері өз мүдделеріне сай етіп өңдеп, өзгерткен<sup>4</sup>.

Ендеше, қазақ елшілері не үшін Цин ордасына барған? Осы оқиғаға байланысты цин дәуірі тарихи деректемелер ішіндегі орда естелігіндегі («Шилу-дағы») және Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатында сақталған біраз құжаттарына үңілсек, қазақ елшілерінің шекара мәселесін қозғағандығы алдымен назарымызды аударады. Осы деректемелердің айтуынша, елшілер цин патшасына «Тарбағатай біздің бұрынғы көшіп-қонып жүрген жеріміз

<sup>3</sup> Қытай мұрағатшылары тарапынан құрастырылған каталогте, сондай-ақ «Жинақ» (1) кітабында осыған байланысты құжаттың (№ 40 құжат) хатталу уақытын «Цяньлун жылнамасының 23-жылы 1-ай», яғни 1758 жылы ақпан айы деп жорамалдаған (қараңыз: төмендегі № 40 құжаттың тақырыбында берілген уақыт). Қытай мұрағатшыларының бұл жорамалы елшілік туралы цин патшасы Цяньлунға жіберілген мәлімдемелердің ордада топтастыру уақытын негіз етіп жасалған болса керек. Ал елшілердің Қазақ жерінде болған уақыты — 1757 жылғы қыркүйек-қазан айлары.

<sup>4</sup> Тиісті зерттеулеріміз жақын арада жарық көрмек.

еді. Біз сізден өзіңіздің ілтипатыңызды білдіріп, осы жерді бізге берсеңіз» деп талап қойған. Ал Цяньлун патша болса, Абылай ханға жазған жауап хатында «егер сендер Әмірсананы ұстап берсеңдер, мен ол жерлерді сендерге берер едім» деп саудаласқан<sup>5</sup>.

Расында, XVIII–XIX ғасырлар аралығындағы екі ел қарым-қатынасының ең бір күрделі қыры немесе екі елдің қарым-қатынасына өзіндік ықпалын тигізген мәселе — Қазақ халқының шығысқа қарай өздерінің Жоңғар шапқыншылығы кезінде айырылып қалған көне жұртына оралуы және сол тарихи үдерісте туған «жерге кім ие болуға тиісті?» деген екі ел арасындағы ұғымдық келіспеушілік пен әр елдің жүргізген саясаты болды. Мұндай мәселелердің пайда болуының негізгі себептерінің бірі — Цин патшалық билеушілерінің империялық пиғылынан туған ірге кеңейту саясатының жүргізілуі. Цин патшасы Цяньлунның және оның Орталық Азиядағы ұлықтарының ұғымы бойынша, бұрынғы Жоңғар хандығының иелігінде болған жерлердің барлығы Цин патшалығына тән болуға тиісті, өйткені Жоңғар хандығын қиратқан Цин патшалығы. Ал қазақ халқы болса, олар шығыстағы жоңғарлар басып алған өздерінің атажұртын ешқашан естерінен шығармаған және сол атажұрттарына оралу үшін күресіп келген — мұны біз жоғарыдағы айтылған «Шилу» деректемесіндегі Абылай ханның Цин патшасынан Тарбағатай сынды жерлерді қазақтарға қайтарып беру жөніндегі өтінішінен аңғаруымызға болады. Қазақтардың шығыстағы көне жұрттары туралы мұндай ұғымды біз жұртқа мүлде беймәлім болып келген Цин патшалық мұрағат құжаттарынан да байқап отырмыз — біздің осы томымызға енген, 1755 жылы 17 қыркүйекте мәнжу тілінде хатталған «Солтүстікті тыныштандыру армиясының қолбасшысы Бандидің Батыс бөлік қазақ қатарлы жерлерден жіберілген елшілердің Ташкент қаласының басқарылу жағдайы туралы хабарлағандары жөнінде және ол жерге бұрынғыдай «әкім» сынды лауазымдарды тағайындау керек екендігі жөнінде жолдаған мәлімдемесі» атты құжатта мынадай мәлімет сақталған: Төле би қатарлы қазақ көсемдері цин ұлықтарына: «Қазір, міне, сіздер біздің көне жұртымызға келіп отырсыздар...(біздің) елдегілер жеке-жеке өз жұрттарымызға оралсақ деп тілек білдіруде» деген сөздер сақталып қалған<sup>6</sup>. Ал 1759 жылы Әбілмәмбет, Абылай және Ханбаба жіберген Құттыбай, Аталай қатарлы қазақ елшілері цин ордасына барып, Цяньлун патшаға «Іле жері<sup>7</sup> қазақтардың қонысы болса» деген талап қойғандығын біз бұрыннан әйгілі болып келе жатқан қытай тіліндегі Цин патшалық та-

<sup>5</sup> «Цин Гауцзун шилу», 548-цзюань, 9–10-66. Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатының мәнжуше «луфу» құжаттар тобының ішіндегі мына құжат: 1855–022 (микрофильм кадрлары: 01394–01406).

<sup>6</sup> Қараңыз: төмендегі № 5 мұрағат құжаттың аудармасы.

<sup>7</sup> Мұнда Іле аңғарының шығыс бөлігін меңзеп тұр, өйткені осы томға енген, Абылай ханның цин ордасына жазған бір хатының мәнжу тіліндегі аудармасына қарағанда, сол кезде Іле аңғарының батыс бөлігі әлдеқашан Абылай ханның құзырында болған (қараңыз: төмендегі № 198 мұрағат құжат).

рихи деректемелерінен білетінбіз<sup>8</sup>, сол деректерді біздің осы томымызға енген біраз тың құжаттар да растап отыр<sup>9</sup>.

Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасындағы бір кезде жоңғарлар басып алған көне қазақ жұртына байланысты аталмыш ұғымдық келіспеушіліктен туындаған тарихи мәселелер күрделі әрі ауқымды. Олардың ішіндегі ең маңыздылары деп біз Қазақ-Қытай шекарасының және қазақ халқының этностық аумағының қалыптасуы сынды мәселелерді атауымызға болады.

Абылай бастаған қазақ көсемдерінің Цин патшалығымен бітімге келіп, шығыстағы үлкен көршімен саяси-дипломатиялық қарым-қатынас орнату арқылы өздерінің Қазақ хандығындағы жалпы саяси ықпалдарын кеңейтіп, қазақ қауымындағы биліктерін нығайтуды да мақсат тұтқаны айқын. Дегенмен, осылай ұмтыла отырып, Абылай Қазақ хандығының өзіндік саяси-әлеуметтік және иерархиялық жүйелерін толық сақтап қалуын, олардың мәнжу-қытай ықпалынан неғұрлым аулақ болуын қалаған. Цин патшасы Цяньлунның өз жылнамасының (өз билігінің) 22-жылы 10-айының «бин ин» күнгі (1757 жылғы қараша айының 18-жұлдызындағы) орда естелігінде («Шилу-да») сол кездегі циннің Жоңғарияны жаныштау армиясының Чжаохуэй есімді қолбасшысы жіберген бір мәлідемесі сақталған. Сол мәлідеменің айтуынша, аталмыш жылдың 7-, 8- айлары аралығында Еркесары, Нұсан қатарлы мәнжу елшілері Абылайдың ордасына барып, Абылайдан Әмірсананы қайтаруды сұраумен қоса Абылайға «үш жүздің ел билеушілерінің тізімін берсең, біз оны патшамызға жолдап, тізімдегілерге патшалық лауазым-титулдарын тағайындатқызсақ» деген талап қойған. Абылай осылардың біреуін де орындамаған: Әмірсана жөнінде Абылай «ол менің елімде емес» деп жауап берсе, цин елшілерінің екінші мәселені көтергеніне қатты наразылығын білдіріп, екі рет он неше күн бойы елшілерді қабылдамай, оларды күткізіп қойған. Соңында Абылай елшілерге «генералдарыңыздың маған жеткізген сөзі бар. Оның айтуы бойынша, патшаларыңыз біздің түзім-жүйемізді өзгертпек ниеті жоқ» деп әлгі «шаш ал десе бас алғыш» цин елшілерін қайту жолдарына салған<sup>10</sup>.

Расында, цин патшасы әуелде қазақтардың ісіне араласпауды жөн көрген. Цяньлунның орда естелігі «Цин Гаозун шилу» және сол кездегі Цин патшалық мұрағат құжаттарына қарағанда, Цяньлун өзінің Абылай хан сынды қазақ көсемдеріне жіберген хатында қазақтарға: «[билеушілеріңнің] киімдерін өзгертпеймін, лауазым-титул тағайындамаймын, алым-салық алмаймын», «(Цин патшалығына бағынған моңғол сияқты елдерге жүргізген) «чжаса-

<sup>8</sup> «Цин Гауцзун шилу», 613-цзюань, 13—17-бб.

<sup>9</sup> Қараңыз: төмендегі № 146, № 198 мұрағат құжаттары.

<sup>10</sup> «Цин Гауцзун шилу» («清高宗实录» — «Цин патшасы Гауцзун (Цяньлун) туралы орда естеліктер»), 548-цзюань, 17—21-бб., Цяньлун жылнамасының 22-жылы 10-айдың «бин ин» күніне (1757 жылғы қараша айының 18-жұлдызына) арнаған естелік.

кә» билік жүйесін<sup>11</sup> жүргізбеймін», «өздеріңнің бұрынғы әдет-ғұрыптарыңды тұтып өмір сүре беріңдер» деген саясат жүргізетіндігін және Қазақ елін «патша құзырынан тыс шалғайдағы ел»<sup>12</sup> ретінде қарайтындығын мәлімдеген<sup>13</sup>.

Алайда, Жоңғарияның әбден тыныштануына байланысты Цин патшалығы бұл саясатын әрі қарай жалғастырмаған. Көп ұзамай-ақ, олар Абылай, Әбілмәмбет сияқты қазақ тұлғаларының елшілері мен ұрпақтарына сыйлық ретінде құр лауазым-атақтар мен торғын-торқа беру арқылы қазақтарды өздеріне тартып, өздерінің билік жүйесіне бірте-бірте бой үйрете бастаған. Цяньлун жылнамасының 25-жылғы 5-айының «гәң у» күнгі (1760 жылғы шілде айының 9-жұлдызындағы) орда естелігінде («Шилу-да») Цяньлунның Әбілмәмбет, Абылай және Әбілпейіз, Ханбаба қатарлы қазақ билеушілеріне жазған бір хаты сақталған. Онда аталмыш қазақ билеушілерінің жер мәселесі, сауда мәселесі және шекара дау-дамайына қатысты талаптарына жауап берумен қоса, цин патшасы Цяньлун өзінің бұрынырақ айтқан «[билеушілеріңнің] киімдерін өзгертпеймін, лауазым-титул тағайындамаймын» деген сөзін ұмытып, қазақ елшілеріне торғын-торқа, күміс ақша және басқа бұйымдарымен қоса цин шенеуніктерінің киетін арнаулы киім-кешектерін және олардың лауазымдарын белгілейтін «хуалин»<sup>14</sup>, «чаочжу»<sup>15</sup> сияқты әшекей бұйымдарды

<sup>11</sup> «Чжасакэ» жүйесін (札薩克制度) — Цин патшалығының өзіне бағынған Моңғол және Құмыл мен Тұрпандағы ұйғырлар сияқты елдерінде орнатқан басқару жүйесі. «Чжасакэ» деген сөз «бір хошунның бастығы» деген мағынаны білдіреді. Цин дәуірінде циннің орталықтағы «лифаньюань» (жат ұлттар істер басқармасы) мекемесі жоғарыда аталған елдердің ван, бэйлэ, бейіс, гун, тәйжі, табунан сияқты лауазымы бар ақсүйектерінен бір адам талдап, патшаға бекіткізіп, хошун «чжасакэ-сы» етіп тағайындайды. Ол «лифаньюаньге» немесе циннің сол аймақтарға жіберген ұлықтарына бағынады. Чжасакэның қол астында көмекші тәйжі, зәңгі, зәңгінің орынбасары, цаньлин, цзолин, сяоцисяо сияқты лауазым иелері болады.

<sup>12</sup> Қытайшада «вай фань» (外藩) деп жазылған. Цин патшалығы өзімен қарым-қатынаста болған Корея, Вьетнам, Бирма сияқты көршілес елдерді де осылайша атаған.

<sup>13</sup> «Цин Гауцзун шилу» («清高宗实录» — «Цин патшасы Гауцзун (Цяньлун) туралы орда естеліктер»), 555-цзюань, 32–34-бб., Цяньлун жылнамасының 23-жылы 1-айдың «бин чэнь» күніне (1758 жылғы наурыз айының 8-жұлдызына) арнаған естелік; «Цин Гауцзун шилу» («清高宗实录» — «Цин патшасы Гауцзун (Цяньлун) туралы орда естеліктер»), 555-цзюань, 32–34-бб., Цяньлун жылнамасының 23-жылы 1-айдың «бин чэнь» күніне (1758 жылғы наурыз айының 8-жұлдызына) арнаған естелік.

<sup>14</sup> Хуалин (花翎) — Цин патшалық кезіндегі шенеуніктердің баскиіміне арнаған тауыстың қауырсынынан жасаған әшекей бұйым. Цин патшалық шенеуніктерінің баскиімінің төбесінде асыл тастан жасалған, лауазымын көрсететін маржаны болады (оны сол кездегі қазақ-қырғыз тілдерінде «діңсе тас» немесе «жіңсе тас» деп атаған), «хуалин» сол маржанның түбіне тағылып, желкені бойлай салақтатып қойылады. Шенеуніктердің лауазымына қарай «хуалин» бір көзді, екі көзді және үш көзді болып бөлінеді. Оны бесінші дәрежеден жоғарғы лауазымдылардың барлығы тағуға болады. Цин патшалары аталмыш қауырсынды ерекше сыйлық ретінде ақсүйектерге, зор әскери еңбек сіңірген адамдарға және өздерімен бірге аңшылық, әскери жаттығу немесе ас беруге барған адамдарға да беріп отырған.

<sup>15</sup> Чаочжу (朝珠) — Цин шенеуніктерінің киіміне іліп, олардың лауазымын көрсететін әшекей бұйым. Оны «сучжу» (素珠) деп те атайды. Ол 108 маржаннан (төртеуі үлкен маржан, басқалары үш шумақ етіп тізбектелінген ұсақ маржандар) құралған. Оны патшаның бала-шағасынан бастап 5-дәрежеге дейінгі цин шенеуніктері таға алады.

сыйлаған<sup>16</sup>. Цин патшалық қытай деректемесі «Синьцзян шилюедегі» «Қазақ шежіресі» атты тараушасында берілген мағлұматтарға сүйенсек, цин патшасы Цяньлун «асыл тас тағылған, қос көзді хуалин-ды» 1768 жылы елші болып Бейжіңге барып өзімен кездескен Әбілпейіздің екінші ұлы Жошыға<sup>17</sup>, 1769 жылы елші болып барған Абылайдың ұлы Уәли сұлтанға беріп үлгерген. Ал қазақтың біраз ақсүйектері болса, не өздерінің елдегі билік орнын нығайту мақсатында, не басқалармен бәсекелесу мақсатында Цин патшалығынан өздерін «хан» деп мойындаған грамотасын сұраған. Олардың кейбіреулері «хан» лауазымына ие бола алмаса да, сол Цин патшалығының «ван», «гун» деген құр атақтарын алуға тырысқан.

Дегенмен, осы кезеңдегі Қазақ хандығы, Қытайдың тарихнамаларында айтылатындай Цин патшалығының вассалы болмаған, өйткені Цин патшалығы ешқашан Қазақ даласында нақты билік жүргізіп көрмеген, қазақтар тіпті корейлер, вьетнамдықтар және бирмалықтар сияқты Цин патшалығының мөр-таңбасы мен жылнамасын қолданбаған (қытайлардың дәстүрлі ұғымы бойынша, бұл институттар орнатылған ел — Қытайдың вассалы болып саналады), ал жоғарыдағы айтылған атақтар іс жүзінде Қазақ хандығының ішкі иерархиясына ешқандай ықпал әкелмеген, олар қазақтың сана-сезімі мен тіліне енбеген — мұны біздің осыдан бұрын құрастырған бір мұрағат құжаттар жинағына енген Абылайдың 2 дана тот-моңғол жазуымен жазған хаты мен Әбілпейіздің 2 дана шағатай жазба тілінде жазған хатындағы мына бір маңызды тарихи фактіден аңғаруымызға болады: Абылай 1773 жылы және 1774 жылы жазған аталмыш екі хатындағы екі мөрде де өзінің титулын «Абулай бин баһадур сұлтан» деп көрсеткен<sup>18</sup>; Ал Әбілпейіз болса, ол өзінің жазған хатының мәтінінде Цин ұлықтарына жақындық білдіру мақсатында өзін «Әбілпейіз ван» деп атаса да, оның хат соңында басылған мөрінде өзінің лауазым-атағын ресми түрде «Әбілпейіз баһадур сұлтан» деп атаған<sup>19</sup>.

Біздің осы томымыздағы құжаттардың көрсеткеніндей, Қазақ хандығы мен Цин патшалығының арасындағы дипломатиялық барыс-келістің тағы мынадай себептері болған: Цин патшалық тарапынан алғанда, олар қазақтармен қырғиқабақ болудың орнына бірлесе отырып жоңғар «қарақшыларын» қудалап, шекара аймақтарында түбегейлі тыныштық орнатудың тиімді

<sup>16</sup> «Цин Гауцзун шилу» («清高宗实录» — «Цин патшасы Гауцзун (Цяньлун) туралы орда естеліктер»), 613-цзюань, 13-17-66., Цяньлун жылнамасының 25-жылғы 5-айының «гэн у» күнгі (1760 жылғы шілде айының 9-жұлдызындағы) орда естелік.

<sup>17</sup> Бұл есім қытайша «Жо лэ ци» (卓勒齐) деп оқылатын үш иероглифпен транскрипцияланған. Дыбыс бойынша ол «Жолшы» дегенге келеді. Алайда Н. Я. Коншин мен Ә. Н. Бөкейханның 20-ғасырдың басында жазып қалдырған шежірелеріне қарағанда, Әбілпейіздің бұл ұлы «Жошы» деп аталса керек (Н. Я. Коншин «Джочи» деп жазса, Ә. Н. Бөкейхан «Джачи» деп жазған. Қараңыз: Ерофеева И. В., «Родословные казахских ханов и кожа XVIII—XIX вв. Алматы, 2003. С. 165, 168).

<sup>18</sup> Қараңыз: Еженханұлы 2006, 120-, 124-, 280- және 284-беттері.

<sup>19</sup> Қараңыз: бұл да сонда, 117-, 118-, 273- және 274-беттері.

екендігін және соның мүмкіндігі бар екендігін түсінген, олардың елшілік миссиясының басты мақсаттары да осымен сәйкеседі; ал қазақтар болса, жоғарыдағы аталған себептерден тыс тағы мынадай себеппен өз елшілерін жіберген екен: олар Цин патшалығының ықпалын пайдалана отырып, өздерінің өзге көрші елдерімен арадағы дау-дамайды өз пайдаларына шешуді көздеген; сонымен қатар, екі жақтың дипломатиялық миссияларында ортақ бір міндет: Қазақ пен Цин арасындағы шекара аймақтарда сауда-саттық істерін жандандыру міндеті болған.

Саяси байланыстармен салыстырғанда, XVIII ғасырдың ортасы — XIX ғасырдың басындағы Қазақ-Цин экономикалық қатынастары әлдеқайда айқын әрі объективті сипаттарымен ерекшеленген. Әсіресе осы кезеңдегі екі ел арасындағы жүргізілген «жылқыға жібек» саудасы ежелден бері келе жатқан Ұлы Жібек жолындағы осындай қатынастардың жалғасы ретінде Қазақ-Қытай қарым-қатынастары тарихындағы ең жарқын әрі маңызды мазмұн болып тарихнамаға енгізілуі керек. Ал бұл қатынастарды паш ететін құжаттарды біз арнайы бір сериямен шығарып жатырмыз<sup>20</sup>.

Осы томымызға енген біршама құжаттарда сол кездегі қазақ қауымының ішкі ахуалынан сыр шертетін аса құнды әрі тың деректер сақталған. Осы мәселе тұрғысынан алғанда мұндағы № 39 құжат пен № 75 құжатты ерекше атағымыз келеді. № 39 құжатта Орта жүз қазақтарының ру бөлісі, отбасы санымен қоса сол ру-тайпалардың билеушілерінің есімі, кейбіреулерінің қоныстанған жерлерін көрсеткен. XVIII ғасырдың ортасына жататын мұндай деректеме өте сирек кездеседі, сонымен қатар, біз бұл мәліметтерді Қазақ даласына барған мәнжу елшілері Абылай ханның өз аузынан естіп алған екендігіне көзіміз жетіп отыр<sup>21</sup>. Ал № 75 құжатта қазақ үш жүзінің төре шежіресі берілген. Мұнда назар аударатын мынадай бір мағлұмат сақталған: Ұлы жүздің ханы деп есептеліп келген төре ұрпағының өзге жерде кездеспейтін біршама толық генеалогиясы жазып қалдырылған, ал құжаттың өзінде айтылғандай бұл мәліметті Цин ордасына елші болып барған Төле бидің ұлы Жолан айтып берген — осыдан да бұл деректеменің Қазақ тарихы үшін қанша құнды екендігін салмақтауға болады.

### **Еңбекте қолданылған техникалық әдістер**

Осы томға енген құжаттардың тақырыптарын біз жоғарыдағы аталған «Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарына байланысты Цин дәуіріндегі мұрағат құжаттарының жинағы» (1) кітабы (төменде бұл кітап «Жинақ» (1) деп қысқартылып алынған) және Қытайдың Бірінші тарихи мұрағаты Қытайдың басқа да екі ғылыми институтымен бірлесіп шығарған 12 томдық «Цин патшалық дәуіріндегі шекара аймақтарына қатысты мұрағат құжаттарының каталогі» сериясының 6-кітабы (төменде бұл кітап

<sup>20</sup> Қараңыз: Еженханұлы 2009—1.

<sup>21</sup> Тиісті зерттеулеріміз жақын арада жарық көрмек.

«Каталог» (6) деп қысқартылып алынған)<sup>22</sup> бойынша алдық. Томға енген құжаттардың басым көпшілігінің тақырыбы «Каталог» (6) кітабында бар. Осындай екі түрлі еңбектегі берілген бір мазмұндағы құжаттардың тақырыптары негізінен бірдей болғанымен, ішінара біраз ұқсамайтын жерлері де кездеседі — мұндай айырмашылықты біз өзіміздің түсіндірмемізде көрсетіп отырдық.

2. Томға енгізілген құжаттар хронологиялық ретпен құрастырылды. Айта кетерлік бір жайт: жоғарыдағы аталған «Жинақ» (1) және «Каталог» (6) кітаптарына, сондай-ақ құжаттардың мазмұндарына үңілсек, осы құжаттардың хронологиялық тұрғыдағы берген мәлімдемелері әртүрлі болғандығын байқаймыз. Олардың көбі өздерінің хатталған уақытын анық жазған (мұндай құжаттарды біз сол хатталған уақытымен көрсеттік), алайда, ішінара кейбір құжаттардың хатталған уақыты жоқ — мұндай құжаттардың өздерін тағы екіге бөлуге болады: а) нақты хатталған уақыты белгісіз болғанымен, цин патшасы Цяньлунның бұрыштамасы жазылған уақыты сақталған — мұндай құжаттарды біз сол Цяньлунның бұрыштама жазған уақытымен көрсеттік («Жинақ» (1) кітабындағыдай, біз де мұндай уақыттың соңында жұлдызша (\*) белгісін қойып отырдық); ә) құжаттардың түпкі нұсқаларында ешқандай уақыт көрсетілмеген — мұндай құжаттардың хатталған уақытын «Жинақ» (1) және «Каталог» (6) кітаптарының құрастырушылары өздерінің зерттеулеріне немесе жорамалдарына сүйене отырып, құжаттар тақырыбының астына қойылған (мұндай уақыттар жақшаның ішіне алынған) — біз бұл тұжырымдардың көбімен келісеміз, келіспейтін кейбір жерлер туралы түсіндірмемізде өз уәждерімізді айтып отырдық.

3. Тоымызға енгізілген құжаттарды біз «Жинақ» (1), «Каталог» (6) кітаптарындағы топтамалау үлгісі (Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатының құжаттар топтамалау үлгісі) бойынша алдық. Мұндағы айта кетерлік бір жайт: онда әрбір тақырып бойынша көрсетілген құжаттардың бірсыпырасы шын мәнінде жеке бір ғана құжат емес, бір іске қатысты бірнеше құжаттардың топтамасы болып сақталынған. Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатында, әсіресе ондағы «әскери басқармада сақталған ұлықтардың мәлімдемелерінің көшірмесі» атты қорда (цюаньцзундарында) осы әрбір топқа жинақталған құжаттардың негізгісі ретінде көбінесе сол кездегі Цин патшалық ұлықтарының немесе тиісті цин патшалық мекемелерінің өз патшаларына жазған мәлімдемелері көрсетіледі. Бірқатар жағдайда сол мәлімдемелермен бірге тағы азды-көпті қосымша құжаттар сақталып қалған. Бұл құжаттардың тарихи құндылығы көп жағдайда әлгі негізгі құжат болып көрсетілген ұлықтардың мәлімдемесінің тарихи құндылығынан артық болмаса кем болмай шығады. Мысалы, сол кездегі қазақ билеушілерінің әртүрлі себептермен Цин патшалығына жазған хатнамаларының барлығы (бұл хат-

<sup>22</sup> Бұл каталог сериясы 1999 жылы Қытайдың «Гуанси шифань дасюе чубаньшэ (广西师范大学出版社)» баспасынан жарық көрген.

намалар көбінесе шағатай-қазақ жазба тілі немесе қалмақтар қолданған тотмоңғол тілінде жазылған) цин ұлықтары немесе мекемелері өз патшаларына жіберген мәлімдемелердің қосымшасы ретінде сақталып қалған. Ал қосымша болып сақталып келген бұл хатнамалардың Қазақ тарихы үшін аса маңызды екендігі айдай анық.

4. Қытайдың тарихи деректерінде кездесетін, ғылыми қауымға белгілі есімдер мен этнонимдерді және тарихи-географиялық, топографиялық атауларды елімізде бұрын жарық көрген ресми ғылыми еңбектерге негізделіп алдық.

5. Қытайдың патшалық дәуірлерінде аса дамыған өзіндік иерархиялық жүйесі болған. Ондағы лауазым атаулары мен атақтардың біразы қазіргі қазақ тіліне аударуға келіңкіремейді. Сондықтан біз аудармамызда сол аударуға келіңкіремейтін көне қытай және мәнжу лауазым атаулары мен атақтарын транскрипция күйінде бердік те, түпнұсқасы қытайша келген лауазым атаулары мен атақтардың жанына қытайша иероглифтерді көрсетіп отырдық.

6. Аудармамызда түпнұсқасы қытай тілінде хатталған, ғылыми қауымға әлі де болса беймәлім есімдер мен этнонимдерді және тарихи-географиялық, топографиялық атауларды қазіргі қытай тілінің “путунхуа” дыбыстау жүйесі бойынша оқып, олардың жанына қытайша иероглифтерін беріп отырдық.

7. Қытайдың тарихи дәстүріне сай, Цин патшалық кезінде де патшаның алмасуына байланысты жылнамалардың атауы да алмасып отырған. Біздің томымызға енген құжаттар түгелдей бір цин патшасының, яғни Цяньлун патшаның билік жүргізіп, мәнжуше «абкай вехиехе (abkai wehiyehе)», қытайша «цяньлун (乾隆)» деп аталатын жылнама қолданылған жылдары, анығырақ айтқанда, осы цяньлун жылнамасының 22–25 жылдары аралығында хатталған. Біз құжаттардың тақырыбында кездесетін даталарды олардың цяньлун жылнамасымен қоса осы заманғы жыл санау әдісіне де айналдырып көрсетіп отырдық. Бір айтатын жайт: біз сүйеніп отырған «Жинақ» (1) кітабында аталмыш жылнаманың екі тілдегі нұсқасы да беріліп отырған: тақырыпта қытайша берілсе, мәнжу тіліндегі мәтінде мәнжуше баламасы берілген. Біз «абкай вехиехе (abkai wehiyehе)» сөзіне қарағанда «цяньлун» атауы жұртқа көбірек таныс екендігін ескере отырып, өзіміздің аудармамызда аталмыш жылнаманы, сондай-ақ цин патшасының атауын бірыңғай «цяньлун» («Цяньлун») деп алдық.

8. Аударма барысында кей жерлердегі сөйлемдердің алды-артын жалғастыру үшін мәтіннің жалпы мағынасын өзгерпей қосымша сөздер қолдандық. Бұл қосымша сөздер аудармада тік [ ] жақшаның ішіне алынды.

9. Кездескен қытайша атаулар мен есімдердің транскрипцияларын біз қытайша-орысша транскрипциялау жүйесіне сүйене отырып жасадық. Бұл жерде біз мына бір жайтты айтқымыз келеді: қытайша-орысша транскрипциялау жүйесі қазақ тілінің тілдік ерекшелігіне сай келе бермейді, қазақ тіліндегі біраз дыбыстар арқылы қытай тілінің көп буындарын әлдеқайда жақсырақ транскрипциялауға болар еді. Солай болса да, бүгінгі таңда қытайша-қазақша

транскрипциялау мәселесі бір ізге түсіріліп жүйелендірілмегендіктен, аудару барысында біз қытайша-орысша транскрипциялау жүйесін қолдануға мәжбүр болдық. Келешекте еліміздің қытайтанушы филологтары тарапынан қытайша-қазақша жаңа транскрипциялау жүйесі жасалып жатса, аталған жұмысқа сол негізде қажетті өзгерістер енгізуге дайынбыз.

10. Кездескен мәнжуше атаулар мен есімдердің транскрипцияларын біз Р. С. von Möllendorff<sup>23</sup> қолданған мәнжуше-латынша транскрипциялау жүйесіне сүйене отырып жасадық. Мұндағы түсіндіретін жайт: біз мәтіннің басталғандығын белгілеу үшін басы оң жаққа қаратылған нұсқар (→) белгісін, ал мәтіннің аяқталғандығын белгілеу үшін басы сол жаққа қаратылған нұсқар (←) белгісін қолдандық.

11. Еңбекке енген мәнжу тіліндегі құжаттарды аудару жұмысына ҚХР Үрімжі қаласында тұратын мәнжу тілінің маманы профессор Юн Чжицзянь, ал тот-моңғол тілінде жазылған құжаттарды аударуға ҚХР, ШҰАА ұлттар істер комитетіне қарасты Азсанды ұлттардың тарихи қолжазба істері кеңсесінің ғылыми қызметкері, тот-моңғол тілінің маманы Галден (өзі ойрат-моңғол) көмектесті. Қытай тіліндегі біраз құжаттарды аударуға әріптесім Ж. Ошан өз көмегін тигізген. Осы орайды пайдаланып, аталмыш кісілерге зор алғысымды айтқым келеді.

---

<sup>23</sup> Р. С. von Möllendorff: «A Manchu Grammar». Shanghai, 1892.

## № 1 құжат

**[Әскери басқарманың] «патша ағзамның Әбілмәмбет қатарлы адамдарға жіберілмек бұйрық хаты тот-моңғол жазуына аударылып, қазір патша ағзамның назарына ұсынылып отыр» деген мағынадағы мәлімдеме хатнамасы (мәнжу тілінде)<sup>1</sup> [Цяньлун жылнамасының 19-жылы]<sup>2</sup>**

### Құжаттың транскрипциясы

→

hasak i abulbaimbit sede wasimbure  
hesei bithe be tot hergen i ubaliyambufi gingguleme  
donjibume wesimbuhe  
dergici tuwafi tucibuhe manggi. muduri noho suwayan  
hoošan de manju tot hergen i arafi.  
boobai gidafi hasak i elcisa de afabufi /  
gamabuki. erei jali gingguleme  
wesimbuhe.. //

←

### Қазіргі қазақ тіліне аудармасы

Қазақтың Әбілмәмбет сынды адамдарына арналған патша бұйрығы тот жазуына<sup>3</sup> аударылғандығын хабарлау мақсатында осы хат жіберіліп отыр.

---

<sup>1</sup> «Жинақ» (1) кітабы, 1-б.; «Каталог» (6), 55-б., «Каталог» (6) бойынша Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатындағы бұл құжаттың сақталу нөмірі мынадай: құжаттың түпнұсқасы бойынша — 1570—023; микрофильм бойынша — 040—2489.

<sup>2</sup> Яғни 1754 жыл. Мұндағы уақыт туралы берілген мәлімет күмәнді: бізге жеткен деректемелердің ешқайсысында 1754 жылы Әбілмәмбет (немесе басқа қазақ көсемдері) Цин патшалық ордасына елші жіберіп, цин патшасы сол елшілер арқылы Әбілмәмбетке хат жазғандығы туралы айтылмаған. Қытай мұрағатшыларының осы бір уақыт туралы тұжырымды нені негіз етіп жасағандары бізге беймәлім болып отыр.

<sup>3</sup> Жоңғар қалмақтары пайдаланған жазу осылай аталған.

Патша ағзам көріп болған соң, [аталмыш бұйрық] екі тілде, яғни мәнжу және тот тілдерінде айдаһар бейнеленген сары қағазға хатталып, оның үстіне патша мөрі басылғаннан соң қазақ елшілеріне тапсырылып, солар арқылы жіберілмек.

Аталмыш іске байланысты осы мәлімдеме арнайы жолданды.

### № 3 құжат

**Солтүстікті тыныштандыру армиясының қолбасшысы<sup>4</sup>  
Бандидің «біз өзіміздің қазақтарға жіберген елшілеріміз  
кері оралған соң сол ел туралы баяндап бермекпіз» деген  
мазмұндағы мәлімдемесі (мәнжу тілінде)<sup>5</sup>  
(Цяньлун жылнамасының 20-жылы 7-айдың 16-күні\*)<sup>6</sup>**

### Құжаттың транскрипциясы

→

wesimburengge. /  
amban bandi. amursana. saral.  
erincindorji. oyonggo gingguleme  
wesimburengge.  
dergi hese be gingguleme dahara jalin. ninggun  
biyai orin nadan de isinjia. aliha  
bithai da tondo baturu gung fuheng sei //  
jasiha bithede. abkai wehiyehe i orici aniya  
ninggun biyai ice ninggun de  
hese wasimbuhangge. bandi sede jaki. te jun  
gar i gubci ba be gemu icihiyame toktobuha  
damu hasak. jun gar i baru daci dain  
ofi. kemuni jecen be dosime balai tabcilame /  
yabume. jun gar i urse bahafi elhe  
banjirakū bihe. te jun gar i ba na  
niyalma gemu musengge oho. hasak aika  
kemuni nenehe adali balai tabcilara durire  
oci. ainaha seme oJORAKū. bi neneme erei  
turgunde. hasak de niyalma takūrafi /  
ulhibume alakini seme inu hese wasimbuha  
bihe. bandi se emu derei mini neneme wasimbuha

<sup>4</sup> Құжаттың қытайша берілген тақырыбында мұндағы лауазым атауы «динбэй цзянцзюнь (定北将军)» деп алынған.

<sup>5</sup> «Жинақ» (1) кітабы, 4–6-бб.

<sup>6</sup> Яғни 1755 жылғы 23 тамыз.

hese be dahame. hasak de niyalma takūrara ci  
tulgiyen. hasak i urse i banin. ba  
na i arbun be amursana. saral gemu  
tengkime sara be dahame ere sidende /  
kimcime narhūšame urebume bodofi. hasak i urse  
eiten babe gemu mini hese be dahame  
yabuci. umesi sain. ce aika tuttu  
akū oci. adarame jecen i ergi be  
enteheme bolgo obume mutere babe. gūnin  
akūmbume icihiyaci acambi. jai neneme amursana /  
inu ere baitai jalin. hasak i bade  
bisire ini ahūn batmacering ni mejige be  
gaimeniyalma takūraha bihe. takūraha niyalma  
ere sidende. amasi isinjihao. undeo. batmacering  
ne aibide bisire. hasak i urse i arbun  
muru adarame. muse de adarame icihiyaci /  
acara babe. bandi se uthai hūdun  
donjibume wesimbukini sebebe gingguleme dahafi.  
amban be  
ejen i tacibuha hesei songkoi hasak i abulai  
sede  
hesei bithe benebume elcin takūraha bime. nuktei //  
ujan de serenšebume cooha tucibufi. taiji beši  
agasi sebe dalabume afabuha. amba muru amban  
amursana i sucungga mudan takūraha elcin danjin  
yamji cimari isinjire hamika. amban meni jurara onggolo  
amcabuci. eiten babe getukeleme fonjifi. encu  
wesimbureci tulgiyen. aika amban amursana i juraka /  
amala isinjici. amban bandi. saral se alime gaifi  
emu derei  
donjibume wesimbume. emu derei amban amursana de  
hahilame amcame bithe unggifi. icihiyaci acara  
babe. ishunde habdeme icihiyafi  
wesimbuki. aika elcin takūrafi /  
ejen i elhe be baime alban jafanjici. amban be  
uthai  
wesimbufi. akdun sain niyalma tucibufi tušatabume  
giyamun deri benebuki. jai burut i ergide  
inu elcin takūrafi ulhibume unggihe bime.  
nuktei ujan de gemu seremšeme cooha tebufi /  
taiji nohai kicik sebe dalabume  
afabufi belhebubuhebi. gūnici jecen i ergide  
tehe urse. ishunde buyarame hūlhara  
turire baita be akū obume muterakū bicibe.  
ceni dalaha urse. ainaha seme gelhun

akū dain dedebume yaburakū. urunakū /  
 hese be dahame  
 amba ejen i kesi be aliki seme baime  
 wesimbumbi dere. ai ocibe. amban meni takūraha  
 urse amasi jihe erinde. ceni adarame  
 gisurehe. arbušaha. baitai muru. adarame banjinara  
 babe. kimcime getukeleme fonjifi. hahilame /  
 donjibume wesimbuki. erei jalin gingguleme  
 donjibume wesimbuhe.  
 abkai wehiyehe i orici aniya nadan biyai  
 juwan ninggun de  
 fulgiyan fi i pilehe  
 hese saha sehe.. /  
 ←

### Қазіргі қазақ тіліне аудармасы

Біз, патшаның уәзірлері Банди, Әмірсана, Сарал, Еринциндоржы және Ойоңго, төмендегі құпия мәлімдемені жіберіп отырмыз. Мұндағы айтылған іс туралы хабар алғайсыз.

Биыл 6-айдың 27-күні алиха-битхей-да<sup>7</sup> лауазымды, «тондо-батұрұ-гүң»<sup>8</sup> атағына ие Фухэн қатарлы уәзірлерден: «Цяньлун жылнамасының 20-жылы 6-айдың 6-күні патша ағзам мынадай бұйрық түсірді: «Банди қатарлыларға бұйрық: қазір Жоңғар жері түгелдей тынышталды. Алайда, жоңғарлармен бұрыннан жауласып келген қазақтар ылғи да шекарадан өтіп келіп қалағандарынша барымта жасап, жоңғар жұртына тыныштық бермейтін көрінеді. Қазіргі таңда Жоңғар жері мен ондағы халықтар түгелдей бізге қарасты болды, мұндай жағдайда қазақтардың бұрынғыдай ойларына келгенді істеп, елді тонатқызып қоюға мүлде болмайды. Осыған байланысты мен әлгінде түсірген бір бұйрығымда «бұл жөнінде қазақтарға алдымен адам жіберіп менің нұсқауымды жеткізіңдер» дегенді айтқанмын. Банди қатарлылар менің сол әлгінде түсірген бұйрығымды орындап, Қазақ жеріне менің нұсқауымды жеткізу үшін адам жіберіпті. Бұдан тыс [мына бір жайтты да ескере кету керек:] Әмірсана мен Сарал екеуі қазақтардың мінез-құлқын және ондағы жердің ахуалын жақсы біледі, сондықтан олар да [Қазақ жеріне жіберіліп] аталмыш істі мұқият бақылап, қазақтардың барлық іс-әрекеттерін менің бұйрығыма сай келтіретіндей болса, өте керемет болар еді. Бұлай болмағанда біз шекарамыздың тыныштығын қалайша мәңгі сақтай

<sup>7</sup> Цин патшалық ордасында патшаның ақылшысы әрі патша жарлығын жариялауға жауапты қызмет атқаратын ең жоғары лауазымды шенеунік мәнжу тілінде осылай аталады. Бұл лауазым атақтың қытайша баламасы — «да сюе ши (大学士)».

<sup>8</sup> Жоғары дәрежедегі цин ұлықтарына берілетін құрмет атақ. Бұл атақтың қытай тіліндегі баламасы — «чжун юн гун (忠勇公)».

аламыз? Сондықтан [тиісті адамдардың барлығы] бар зейіндерін түгелдей салып аталмыш істі атқарып шығу керек. Тағы бір айтатын жайт: аталмыш іске байланысты өз ағасы Батма-цзин туралы хабар алу мақсатында Әмірсана осыдан бұрынырақ [Қазақ жеріне] адам жіберген. Жіберілген сол адамдар қазір қайтып оралды ма? Батма-цзин қазір қайда екен? Қазақтардың ахуалы қандай екен? Біз оларға қарсы қандай шаралар қолдануымыз керек? Міне, осы мәселелер туралы Банди тез арада мәлімдеме жолдасын» деген мазмұндағы хат келді. [Фухэн қатарлылардың хатын тапсырып алған соң,] біз, патшаның уәзірлері, патша ағзамның бұйрығы бойынша қазақ Абылайдың тұратын жеріне елші жіберіп, патшаның нұсқауын жеткізбек болдық. Сонымен қоса біз қорғанысты күшейту мақсатында шекараға әскер жіберіп, оларды тәйжі<sup>9</sup> Бешағаш<sup>10</sup> қатарлы қолбасшыларға тапсырдық. Пақырыңыз Әмірсананың осыдан бұрын жіберген елшісі де жақын арада келіп қалуы ықтимал. Егер олар пақырыңыз Әмірсана аттанудан бұрын келіп жетсе, пақырыңыз Әмірсана аталған істер туралы анықтап алып сіз, патша ағзамға мәлімдеме жолдаймыз; ал егер олар пақырыңыз Әмірсана аттанғаннан кейін қайтып келсе, онда оларды пақырыңыз Банди мен Сарал қарсы алып, мән-жайды анықтап алған соң, бір жағынан, сіз, патша ағзамға мәлімдеме жолдап, бір жағынан, істі әрі қарай қалай атқару туралы ақылдасу мақсатында Әмірсанаға да хат жолдап, сонан соң [ақылдасқан қорытынды пікірімізді] мәлімдеме арқылы патша ағзамға жолдамақпыз. Егер олар<sup>11</sup> елші жіберіп, патшамен дидарласып, патшаға сәлем беріп, тарту-таралғы бергілері келсе, онда біз, патшаның пақырлары, өзімізден бір мықты адам жіберіп, [олардың елшілерін] керуен бекеті арқылы [Бейжіңге] жеткіздірсек деген ойымыз бар. Біз сондай-ақ Бұрыт жеріне де елші жіберіп, патша ағзамның нұсқауын сондағыларға жеткіздік, сонымен бірге біз ондағы жайылым шекара жерлеріне де қорғаныс әскерімізді жіберіп, ол әскерлерімізді тәйжі Нохай мен Кісік екеуіне басқартқызып қойдық. Біздің ойымызша, аталмыш қорғаныс әскерлеріміз шекара аймақтарындағы малшылар арасында болып жататын ұсақ-түйек ұры-қарлық істерге түбегейлі тұсау сала алмаса да, [біздің осы әскерлеріміз сонда болғандықтан] ондағы елбасшылар қайткенде де ойларына келгенді істеп, бүлік шығаруға бара алмас. [Олай істеудің орнына] олар сөзсіз патшаның бұйрығын бұлжытпай орындап, ұлық патшаның қамқорлығына ие болып қалу үшін патшаға мәлімдеме жөткеп тұрулары әбден ықтимал. Қандай болмасын, біз, патшаның пақырлары, өзімізден кеткен елшілер қайтып оралып, қазақтардың не айтқанын, олардың іс-қимылы қалай болып жатқандығын және ондағы

<sup>9</sup> Қалмақтардың лауазым атағы.

<sup>10</sup> Мәтіннің түпнұсқасында «beši» және «agasi» деп екі есім болып жазылған. Біздің пайымдауымызша, мәтін хатталғанда бұл жерде ақаулық кеткен. Асылы, автор мұнда Қазақ жерінде бекініп келіп, кейін Цин патшалығының құзырына енген жоңғар көсемінің бірі Бешағашты меңзеп тұрса керек.

<sup>11</sup> Яғни қазақтар.

жағдай қандай өзгерісте болатындығы туралы егжей-тегжейлі есеп бергеннен соң жедел түрде тағы бір мәлімдемемізді жолдамақпыз.

Аталмыш іске байланысты осы құпия мәлімдеме арнайы жіберілді.

Цяньлун жылнамасының 20-жылы 7-айының 16-күні Цяньлун патша қызыл бояулы қылқаламмен бұл мәлімдеменің бетіне мынадай бұрыштама жазып қалдырған: «Хабар алдым».

#### № 4 құжат

**Солтүстікті тыныштандыру армиясының қолбасшысы Бандидің құпия мәлімдемесі; онда Қазақ жеріне жіберілген елшілер жеткізген Абылайдың бітімге келу<sup>12</sup> туралы өтініші және Әмірсананың істеген бұзақылықтары айтылған (мәнжу тілінде)<sup>13</sup>  
(Цяньлун жылнамасының 20-жылы 7-айдың 25-күні)<sup>14</sup>**

#### Құжаттың транскрипциясы

→

wesimburengge. /  
amban bandi. saral.  
oyonggo gingguleme narhūšame  
wesimburengge.  
donjibume wesimbure jalin. amursana i hasak i  
bade takūraha danjin. hasak i emur  
batur sere niyalma be gajime isinjifi //  
alarangge. danjin bi sunja biyai orin  
juwe de hasak abulai jakade isinafi.  
amursana. banjur  
amba han i uyun tumen cooha. meni  
ūlet i emu tumen cooha be gaifi  
jihe. jun gar i ba toktobufi /  
ubade tembi seme alaha de. abulai

<sup>12</sup> Мәтінде «бағыну» деп алынған. Жалпы, Цин патшалық дәуіріндегі қытай-мәнжулер көнеден келе жатқан қытайлық дәстүр бойынша өздерімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан елдердің барлығын бізге бағынды деп есептеп келген.

<sup>13</sup> «Жинақ» (1) кітабы, 7–12-бб.; «Каталог» (6), 81-б. «Каталог» (6) бойынша Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатындағы бұл құжаттың сақталу нөмірі мынадай: құжаттың түпнұсқасы бойынша — 1423–004; микрофильм бойынша — 036–0662.

<sup>14</sup> Яғни 1755 жылғы 1 қыркүйек.

umesi urgunjefi. meni tabcilabuha urse be  
baicafi acabuki seme bisirede. meni taiji  
erincin gaitai ubašafi ceni niyalma be  
wafi ukame tucike. abulai anbula jili  
banjifi. mini baru henduha gisun. erincin /  
batmacering se. duleke aniya mimbe baime  
jihe be. bi ulha bume ujiha. amala  
amursana  
amba han de dahame dosika seme donjifi  
cembe eici amursana be baime genefi  
amba han de dahame dosiki sere. eici /  
yaya cihanggihai bade teki sere babe  
fonjici. ce generakū. mini bade teki sehe.  
bi cende aisilame jun gar de coohalafi  
tabcilaha. te amursana se jihe be donjifi.  
hūwaliyasun sain i banjiki seme. ceni niyalma  
anggala be acabufi ulha icihiyaūme bure. /  
sidende. elemangga ehereme arbušafi ubašame  
genehangga ai doro. suweni ūlet  
se. urui uttu yabumbi. fuhali  
baili akū seme gasame gisurefi. ini  
beye cooha gaifi fargaha. erincin i  
harangga urse meitebufi amasi gambuhangge. /  
umesi labdu. geli erincin i ere ukame  
genehengge. urunakū meni hasak sebe dain  
dedebumbi. coohalame jimbi seme gisun  
bajibufi. amursana be šusihiyeme genehebi.  
danjin be meni niyalmai sasa hahilame  
unggifi. neneme amursana de ere jergi //  
turgun be ulhebume alakini seme. ceni  
ambakan data haibahan. ere emur i  
jergi orin juwe niyalma be takūrafi  
unggihebi. be boro tala i bade  
amursana be acafi alaha de  
amursana inu erincin be wakašame uttu /  
yabuhangge umesi ehe oho seme ini  
juse dute de alafi unggihe.  
erincin kemuni amursana de acajire  
unde. amursana hasak i baci jihe  
elcisai dorgi juwan niyalma be. juwe  
jugūn deri abulai de oktobume /  
unggifi te meni beye  
amba han de hargašame genebi. ishun  
aniya boigun be guribume gajifi ubade  
tembi. suweni cooha be amasi bederebukini  
seme alanabuha. mimbe ere elcin emur be

gajime jiyanggiyūn ambasa de acakini. i  
 cihanggihai mini emgi  
 ejen i genggiyen be hargašme geneki sembi. erebe  
 sasa gamaci ogoro oJORakū babe  
 jorifi unggireo seme dacilabume unggihe  
 seme alambi. batmacering ni aibide bisire  
 atanggih jidere babe fonjici. alarangge /  
 batmacerin be meni sasa unggiki seme  
 abulai i deo doron gidaha bithe be  
 gemu buhe bihe. batmacerin emute oci.  
 meni yaburengge hahi. ini hehe juse be  
 gaifi yabure de amcame muterakū. jakade  
 oci. erincin turgun akū ubašame jihe /  
 turgunde. abulai jili banjiha. ini beye  
 amasi genere unde de dere acarakū  
 uthai waliyafi jici. abulai geli ehe  
 gūnirahū ini amasi genere be aliyafi  
 getukeleme gisurefi ini elcin i emgi  
 jai jiki seme taka tutaha sembi. //  
 hasak i emur baturu de fonjici.  
 alarangge. neneme amursana. banjur. dawaci i  
 emgi meni bade baime genehe manggi.  
 meni abulai cembe ujifi husun aisilame  
 baita mutebuhe. duleke aniya amursana be  
 dawaci baru eherefi meni bade jimbi /  
 sere be donjifi abulai beye aigūs  
 sere bade jifi aliyame tehe bihe.  
 alamabatmacerin genefi amursana se  
 amba han be baime dosika sere jakade  
 batmacerin. erincin sebe bibufi ujiha  
 jaka amursana /  
 amba gurun i cooha gaifi jihe. jun  
 gar i bade han ofi. tembi sere be  
 donjifi  
 amba ejen i kesi de ereci dain akū  
 ergengge jirgambi seme umesi urgunjehe  
 danjin i isinara onggolo hono meni //  
 cooha be isabufi jun gar de  
 coohalaki seme teni jurambufi unggire de  
 amba gurun i cooha isinjiha mejige be  
 donjifi. uthai cooha be gemu facabufi  
 nukte de bederebuhebi. jing ceni  
 ūlet sei niyalma ulha be baicafi /  
 amasi bahabuki serede erincin uthai  
 ubašame tucike. meni gūsin funcere  
 niyalma be wafi haha niyalmai ergen

jaka be gemu faitahabi. ede meni  
urse fergufeme wajirakū umesi korsohobi.  
ere jun gar ūlet sei banin /  
umesi ehe fuhali akdaci oJORakū  
neneme dawaci amursana i baru umesi  
hajilafi ishunde gashūha bime. amala  
eherefi dain banjinaha erincin batmacerin be  
meni bade ujifi te geli cashūlaha  
ese urui baili akū baita be //  
deribumbi. holtoro eiterere mangga. ama  
jui be wara. eme sargan jui be  
wara baita be gemu yabumbi. esebe  
damu  
amba han i ambasa suwe dasame mutembi  
dere. arsari urse esei baru guculeci /  
oJORakū. meni tubai urse aifini ci  
amba han i gusin elgin be donjifi  
umesi buyeme hargašame guinimbihe. bahafi  
hafuname mutehekū. ere mudan jun gar  
bade coohalame jifi emu niyalma be  
wahakū emu jaka be gaihakū be /  
yargiyan i ferguweme urgunjehe. meni abulai  
erincin be farganar jakade  
amba han de elhe baime belek jafame  
elcin takūrara babe icihiyame jabduhakū  
nukte de amasi genehe manggi. aici  
cohotoi elcin takūrambi tere. jaka /  
amursana jimbe  
ejen i genggiyen de hargašabume gamaki sere de.  
bi bahaci.  
amba ejen i genggiyen be hargasaki.  
kesi be aliki seme umesi buyembi. geneci  
ojoro oJORakū babe ambasa de dacilabume /  
unggihe sembi. amban be ini baru  
amba ejen uthai fucikhi adali. dorgi  
tulergi be ilgarakū geren ergengge be  
gemu jirgabuki sembi. suwe guroki jecen i  
urse. cihanggai  
ejen i genggiyen be hargašame geneki seci /  
be ilibure ba akū. sini funde  
wesimbuki. meni baci emgeri  
wesimbuhe manggi. gisun aifuci oJORakū  
si toktoBufi ala seme afabuha manggi.  
ini gisun bi. amursana be acaha  
manggi. hebešeme gisurefi toktoBuki. aika //  
mimbe gamamme toktoCi ambasa de